

**"Жаңаөзен қаласында қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2012 жылы 04 желтоқсандағы № 569 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 05 мамырдағы № 207 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінің 2014 жылғы 26 мамырда № 2434 болып тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 10 маусымдағы № 412 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 10 маусым 2014 № 412 қаулысымен.**

**Құжаттың мәтінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы 7 бабының 5-5) және 5-6) тармақшаларына сәйкес, жұмыс іздеуде қиыншылық тартып жүрген, қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандарды әлеуметтік қорғау мақсатында, оларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету үшін, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Жаңаөзен қаласында қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы» Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2012 жылы 04 желтоқсандағы № 569 қаулысына ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылы 14 желтоқсанда № 2176 болып тіркелген, 2012 жылғы 10 желтоқсандағы № 45 « Жаңаөзен» газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

**к і р і с п е с і н д е :**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына» сөздері алынып т а с т а л с ы н .

2. Жаңаөзен қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы (Б. Маркашова) Жаңаөзен қаласы әкімдігінің осы қаулысын әділет органдарына мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарына ресми жариялануын және «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде орналасуын қамтамасыз е т с і н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары И. Сағынбаева жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*С. Трұмов*

« К Е Л І С І Л Д І » :  
«Жаңаөзен қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысы  
Б . М а р к а ш о в а

2014 ж.